

КӨМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ АЛДЫН АЛУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

«Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 28 тамыздағы № 858 Жарлығында Қазақстанның сот-тергеу жүйесін дамытуға да баса назар аударылған. Онда арнайы мамандандырылған соттар мен судьялардың құрылуын, оның ішінде кәмететке толмағандардың істерін қарайтын арнайы соттардың тиімді құрылуын қарастырады.

Кәмететке толмағандарға қатысты сот өндірісінің құрылу мәселесінің тарихына тоқталсақ, ол жаңалық емес. Еуропа елдерінде кәмететке толмағандардың құқығын қорғау мәселесі сонау XVIII-XIX ғасырлардан бері қарала басталған. Ал, Қазақстан Республикасы кәмететке толмағандардың қылмыстылығын қарастыруы Кеңестік Одақ тарағаннан кейін қолға алына басталған болатын. Десең те, қазір біздің елімізде кәмететке толмағандардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың шешілмей отырған мәселелері бар. Қазақстан 2000 жылдардан бері ТМД елдерінің ішіндегі «ювеналдық әділет» арнайы жүйесін енгізудің алғашқыларының бірі болды. 2008 жылы тамызда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен кәмететке толмағандарға қатысты сапалы әділ сот төрелігін жүргізуде тиімділігін арттыратын ювеналдық әділет элементтерін дамыта отырып, кезең-кезеңмен тәжірибеге енгізу мақсатын қамтитын «Қазақстан Республикасында 2009-2011 жылдар аралығында ювеналдық әділетті дамыту жөніндегі» тұжырымы қабылданған болатын. Аталған тұжырымда кәмететке толмағандармен жұмыс бойынша арнайы мамандандырылған құрылымдары қарастырылып, оның бірі ретінде ішкі істер органдарының қызметкерлері де танылды. Тұжырымды жүзеге асыру кезеңінде кәмететке толмағандарға қатысты істерді қарауда әр аудандық бөліністерде де сотқа дейінгі барлық кезеңдерде іс өндірістерімен шұғылданатын барлық құзырлы органдардың қызметтерін де толықтыра қарастырса, кәмететке толмағандардың қайталап қылмыс жасауы азайып, жаппай елдегі кәмететке толмағандар арасындағы қылмыстылық жағдайы біршама жақсарар еді.

Кәмететке толмағандардың қылмысымен айналысатын құзырлы органдардың ішінде арнайы мамандандырылған тергеушілердің де талапқа сай дайындығын қарастырғанды жөн санаймыз. Тер-

геу комитетінде тек кәмелетке толмағандардың ісімен ғана айналысатын арнайы мамандандырылған бөлім ашса, жасөспірімнің жасаған құқық бұзушылығының ішкі ерекшеліктерін назарға ала отырып, толық құқықтық тұрғыдан баға берер еді.

Криминологиялық тұрғыдан қоғамда азаматтардың қылмыстылыққа бару себебінің бірін — құқықтық сауатсыздыққа негіздейді. Кәмелетке толмаған жастардың құқықтық сауаттылығы өкінішке орай көңіл толарлық емес. Өзінің, өзгенің құқықтарын білмеуінің салдарынан жаза басып, қылмыс жасайтындары қаншама.

Жасөспірімдер ерекше әлеуметтік қорғауларды жүзеге асыратын түрлі қызметтер мен ведомстволармен қорғалуы тиісті. Солардың бірі арнайы мамандандырылған полиция инспекторлары болып танылады. Оларға келесі қызмет түрлерін атқару жүктелсе — кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының алдын алу, кәмелетке толмағандардың сәтсіз отбасымен арнайы жұмыстар жүргізу, тергеу ісін жүргізу кезеңдерінде кәмелетке толмағандардың мінез-құлқына қадағалау жасауды жүргізуді жүзеге асыру.

Аталған полиция қызметімен қоса келесі кәсіби саланың — ювеналдық әділеттің заң кеңесін беретін арнайы мамандандырылған әлеуметтік психологтары, ювеналды соттардың әлеуметтік қызметкерлері, қылмыстық-атқару инспекциясының мамандандырылған қызметкерлері, балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі аймақтық органдардың мамандарының қызметтері де қатар жүргенде белгілі бір нәтижеге жетуге болады.